

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 16 шешімі

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 11-тармағына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 19 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне тіркелген № 1 қосымшаның 64, 65, 68, 69 және 70-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясының кеңесі **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің шешімдеріне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	С. Жұманғарин	А. Касымалиев	А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссиясы кеңесінің
2024 жылғы 01 наурыздағы
№ 16 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 97 шешімімен бекітілген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібімен 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өтініш (материалдар), сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттар мен мәліметтер орыс тілінде ұсынылады. Егер құжаттар мен мәліметтер мүше мемлекеттің өзге мемлекеттік тілінде немесе шет тілінде жасалған жағдайда, оларға осы Тәртіптің 8-тармағында көрсетілген тәсілмен расталған орыс тіліне аударма қоса берілуге тиіс."

2. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 98 шешімімен бекітілген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына тергеу жүргізу тәртібімен:

а) 11-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуды тергеуді тоқтату туралы;"

б) 14- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуды тергеп-тексеруді тоқтату туралы ұйғарым мынадай негіздердің бірі болған кезде шығарылуы мүмкін:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілерінің болмауы;

2) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері байқалатын жалғыз шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) заңды тұлғаны тарату, және (немесе) әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері байқалатын жалғыз шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) жеке тұлғаның қайтыс болуы, немесе іс-әрекеттерінде Шарттың 76-бабының 6-тармағында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері байқалатын жалғыз жеке тұлғаның қайтыс болуы;

3) Шарттың 76-бабында белгіленген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзған күннен бастап 3 жыл өтуі, ал созылмалы бұзушылықтар бойынша – мұндай бұзушылық анықталған күннен бастап 3 жыл өтуі немесе егер мұндай бұзушылық анықталғанға дейін аяқталған болса, бұзушылық аяқталған күннен бастап;

4) Комиссия алқасының сол тұлғаларға қатысты сол негіздеме мен тақырып бойынша трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы ережелерін бұзу туралы іс бойынша күшіне енген шешімінің болуы.

Бұл ретте көрсетілген ұйғарымда тергеуді тоқтату үшін негіз болуға тиіс."

3. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімімен бекітілген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібімен:

а) 45-тармақта:

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жауапкердің трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының болуы немесе болмауы туралы қорытындылар, тиісті бұзушылық кезеңін, трансшекаралық нарықты және бұзылған Шарттың баптарын көрсете отырып, мұндай бұзушылықтың неде көрсетілгенін сипаттау;"

жетінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жауапкерлердің біреуінің жауапкершіліктен босату шарттарын орындауын талдау нәтижелері (жауапкерді көрсетпей) және Хаттаманың 19-тармағына сәйкес жауапкершіліктен босату туралы шешім туралы ақпарат;"

он екінші абзац "(осы Тәртіптің 46-тармағының 4 және 5-тармақшаларында көзделген мерзімдердің аяқталу жағдайларын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

он бесінші абзац ", айыппұл өндіріп алушы туралы ақпарат (мүше мемлекеттің атынан атқарушылық өндірісінде құқықтарды жүзеге асыруға және міндеттерді орындауға уәкілетті органның атауы және орналасқан жерінің мекенжайы) (Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы үшін)" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 46-тармақта:

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Шарттың 76-бабында белгіленген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзған күннен бастап 3 жыл өтсе, ал созылмалы бұзушылықтар бойынша - мұндай бұзушылық анықталған күннен бастап 3 жыл өтуі немесе егер мұндай бұзушылық анықталғанға дейін аяқталған болса, бұзушылық аяқталған күннен бастап;

мынадай мазмұндағы 5 тармақшамен толықтырылсын:

"5) Комиссияға оның талап етуі бойынша мәліметтерді (ақпаратты) ұсынбауында немесе уақытылы ұсынбауында, сол сияқты комиссияға көрінеу анық емес мәліметтерді (ақпаратты) ұсынуда көрсетілген бұзушылық жасалған күннен бастап 1 жыл өтуі.";

в) мынадай мазмұндағы 46¹ және 46²-тармақтармен толықтырылсын:

"46¹. Созылған бұзушылық кезінде осы Тәртіптің 46-тармағының 4-тармақшасында көзделген мерзім, егер мұндай бұзушылық табылғанға дейін аяқталған болса, бұзушылық анықталған күннен немесе бұзушылық аяқталған күннен бастап есептеле бастайды.

Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеу жүргізу туралы ұйғарым шығарылған күн созылмалы бұзушылықтар анықталған күн болып табылады.

Созылмалы бұзушылық – бұл бәсекелестіктің жалпы қағидаларын ұзақ уақыт бойы бұзу арқылы көрінетін бұзушылық (әрекет немесе әрекетсіздік).

46². Осы Тәртіптің 46-тармағының 4 және 5-тармақшаларында көрсетілген мерзімдерге істі қарау осы Тәртіптің 30-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған мерзім енгізілмейді.";

г) 47-тармақтың күші жойылды деп танылсын;

д) 47¹ тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47¹. Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдары және (немесе) қызметкерлері іс бойынша шешім мәтінінен Еуразиялық экономикалық

одақтың ресми сайтында жарияланғанға дейін ақпаратты және (немесе) мәліметтерді алып тастауды қамтамасыз етеді:

а) жеке тұлғаның дербес деректерін қоса алғанда, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құраушыларды (тегі мен аты-жөнінің бірінші әріптері) (бұдан әрі-таралуы шектеулі ақпарат);

б) жауапкердің (адамдар тобының) Хаттаманың 19-тармағында көзделген жауапкершіліктен босату шарттарын орындауын талдау нәтижелері туралы, сондай-ақ жауапкерді (адамдар тобын) жауапкершіліктен босату туралы шешім туралы;

в) Хаттаманың 19-тармағында көзделген жауапкершіліктен босату шарттарын орындаған жауапкер жауапкершіліктен босатылған кезде өзге жауапкерлерге айыппұл салу туралы.";

е) 48-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте Комиссияның уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің лауазымды тұлғалары және (немесе) қызметкерлері осы Тәртіптің 47¹ – тармағының "а" – "в" тармақшаларында көрсетілген тиісті данасы жіберілетін тұлғаға қатысты емес іс бойынша, шешімнің жіберілетін данасынан ақпаратты алып тастауды қамтамасыз етеді."

4. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдарды есептеу әдістемесі мен салу тәртібінде:

а) 7-тармақтың "б" және "г" тармақшаларының мәтіні бойынша, ", бірақ құқық бұзушының барлық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен түсімі сомасының жиынтық мөлшерінің елуден бір бөлігінен аспайды" деген сөздер алып тасталсын;

б) 8-тармақтың "б" және "г" тармақшаларының мәтіні бойынша ", бірақ кем дегенде 100 000 Ресей рублы" деген сөздер алып тасталсын;

в) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Хаттаманың 16-тармағының 2 және 4-тармақшаларында көзделген бұзушылықтар үшін заңды тұлғаларға салынатын айыппұл мөлшері құқық бұзушының барлық тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен түсімінің жиынтық мөлшерінің елуден бір бөлігінен аспауға және кемінде 100 000 Ресей рубліне тең болуға тиіс.

Егер есептеу нәтижесінде алынған айыппұл мөлшері ең төменгі айыппұлдан аз болса, ең төменгі айыппұл қолданылады.

Егер есептеу нәтижесінде алынған айыппұл мөлшері максималды айыппұлдан көп болса, максималды айыппұл қолданылады.";

г) 12 және 13-тармақтардың күші жойылды деп танылсын;

д) 17¹ - тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер Комиссия Алқасының шешімімен құқық бұзушыға бұзушылықты тоқтатуға, бұзушылықтың салдарын жоюға, бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттерді жасауға нұсқаулық берілсе, мұндай шешімде осы әрекеттерді жасау үшін мерзім белгіленеді. Құқық бұзушы Комиссия Алқасының шешімінде белгіленген мерзімде ұйғарылған әрекеттерді орындамаған жағдайда, Комиссия осы Әдістеме мен тәртіптің 18-тармағына сәйкес шешімді мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды қабылдайды.";

е) көрсетілген Әдістеме мен тәртіпке тіркелген № 1 қосымшада 2-позициядағы "Жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар" бөлімінде бірінші баған мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құқық бұзушының бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу ұзақтығы 1 жыл немесе одан да көп".

5. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесінде:

а) 15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шарттың 76-бабының 2-тармағында көзделген тыйым салуды бұзу белгілерін белгілеу шеңберінде, тауар нарығының өнімдік шекараларын айқындау, сатуға ұсынылатын тауармен тікелей шектелуі мүмкін. Бұл ретте тауар нарығының өнімдік шекараларын айқындау шаруашылық жүргізуші субъект сатуға ұсынылатын тауарларға қатысты жасасатын шарттардың мәні (оның ішінде оған қатысты комиссияға өтініш (материалдар) берілген) негізге алына отырып жүргізілуі мүмкін.";

б) 34-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шарттың 76-бабының 2-тармағында көзделген тыйым салуларды бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) қарау кезінде, сондай-ақ Комиссияның өкілеттіктерін іске асыру мақсатында аталған тыйым салулардың бұзылуына тергеу жүргізу басталғанға дейін өз ынтасы бойынша тауар нарығында жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің құрамын айқындау әрекеттерінде жосықсыз бәсекелестік белгілері көрінетін шаруашылық жүргізуші субъект пен осындай әрекеттермен залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін немесе оның іскерлік беделіне нұқсан келген немесе келтіруі мүмкін шаруашылық жүргізуші субъект арасындағы бәсекелестік қатынастарды орнатумен шектелуі мүмкін.